



РӘМІЗДЕР – ЕЛДІКТИҢ НЫШАНЫ

Арман

*Әнұран мен Елтаңба, Байрағымыз,
Тәуелсіздік бақытты, шаттығымыз.
Бірлігі бар, ұлы дала елімізде,
Татулықпен желбіреді көк туымыз.*

Дана халқымыз: «Таңбасыз ел болмайды, найзасыз ер болмайды» деп тегін айтпаған. Әр елдің тарихына, салт-дәстүрі мен мәдениетіне сай мемлекеттік рәміздері болады. Рәміздер арқылы әлемдегі бар мемлекеттер бірін-бірі танып, елдігін паш етеді. Мемлекеттік рәміздер сол халықтың тәуелсіз ел болғанын айқындайтын басты символдары. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері — Елтаңба, Ту, Әнұранның өзіндік шығу тарихы бар. Оның әрқайсысы халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа деген үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілермен айшықталған.

Қазақстан елінің негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі — Елтаңба. Авторлары елімізге әйгілі сәулетшілер: Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов. Елтаңба — дөңгелек пішінді, көгілдір түс аясындағы шаңырақ — Елтаңбаның жүрегі болып табылады. Шаңырақ — киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін қасиетті ошақтың, отбасының бейнесі болып табылады. Оны айнала күн сәулесі шуағымен уықтар торланған. Бұл шаңырақ айналған Күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті. Шаңырақтың екі жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнеленген. Қанатты тұлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол ұшқыр арманның, көккен самғаған таңғажайып жасампаздықтың, талмас талаптың, жасымас жігер, қажымас қайраттың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған асыл мұраттың символы. Жоғары жақта жарқыраған бес бұрышты жұлдыз Елтаңбаның тәжі іспетті, төменгі бөлігіндегі «Қазақстан» деген жазу Елдігіміздің символы.

Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу - Тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы.

Тәуелсіз мемлекетіміздің көк байрағы биіктен желбіреп, мәртебесі арта берсін! Мемлекеттік рәміздер күнімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймыз!

Айбек БИБІЖАМАЛ,
архивист.